

V сайланған Алматы қаласы мәслихаты XI сессиясының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 78 "2013 жылға арналған "Медеу" Мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің ерекше қорғалатын табиғи аумағын пайдалану үшін төлемақы ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

V сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXVI сессиясының 2014 жылғы 24 сәуірдегі № 219 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2014 жылғы 12 мамырда N 1042 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының кезекті XXIV сессиясының 2024 жылғы 29 қарашадағы № 172 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының кезекті XXIV сессиясының 29.11.2024 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 510-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 43-1-бабына сәйкес, V сайланған Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1..V сайланған Алматы қаласы мәслихаты XI сессиясының 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 78 "2013 жылға арналған "Медеу" Мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің ерекше қорғалатын табиғи аумағын пайдалану үшін төлемақы ставкаларын белгілеу туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде 961 нөмірімен енгізілген, 2013 жылғы 12 қаңтарда "Алматы Ақшамы" және "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырыбындағы және бүкіл мәтін бойынша "2013 жылға арналған" деген сөздер алынып тасталсын.

2..Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының экономика және бюджет жөніндегі тұрақты депутаттық комиссиясының төрағасы №С.А..Козловқа және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Ә.Шормановқа (келісім бойынша) жүктелсін.

3..Алматы қаласы мәслихатының хатшысы Т.-Мұқашев нормативтік құқықтық актіні Алматы қаласы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткізсін.

4.-Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

XXVI сессиясының төрағасы,

V сайланған Алматы қаласы

мәслихатының хатшысы

Т. Мұқашев

Келісілді:

Алматы қаласы әкімінің

орынбасары Е. Шорманов

Алматы қаласы бойынша

Салық департаментінің басшысы Ж. Инкербаев

Алматы қаласы Табиғи

ресурстар және табиғатты

пайдалануды реттеу

басқармасының басшысы А. Рахимбетов

Алматы қаласы әкімі аппараты

заң бөлімінің басшысы А. Қасымова